

**«Теректі негізгі мектебі» КММ-нің  
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**30.05.2023ж**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Теректі негізгі мектебі» КММ кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі негізінде 02-30 мамыр аралығында 2024 жылғы «02 » мамыр №13 бұйрығының негізінде мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 жылғы «02 » мамыр №13 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1. Аяпбергенов М.Е. – мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Мұхит А.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Аренов Н.Қ. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Әжібаева А.Ә. – мектепалды даярлық тобының жетекшісі, комиссия мүшесі
5. Бауеденова Д. – мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиешісі, комиссия мүшесі
6. Жумабаева Г.А. – бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

<b>1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.</b>
<b><u>білім беру ұйымының толық атауы</u></b> Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Теректі негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
<b><u>білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы).</u></b> Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын ауылдық округі, Шикүдық ауылы, Мектеп көшесі №16
<b><u>заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).</u></b> Телефон: 8(71332)74-1-43 Электронды пошта: <a href="mailto:terekti2016@mail.ru">terekti2016@mail.ru</a> ; сайты <a href="https://terekti.uil-roo.edu.kz/">https://terekti.uil-roo.edu.kz/</a>
<b><u>заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)</u></b> Аяпбергенов Мереке Ерекешович, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің басшысы

С.Т.Меуеновтың 22 сәуір 2020 жылғы №218 бұйрығымен тағайындалған. Ұялы телефоны: 87021381803

**құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).**

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 13 қаңтарда берілген. БСН-010640002326

**рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).**

Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 04.03.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ46LAA00025175 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру көрсетілген.

**12.1 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.**

**Зерделеу нәтижелері:** Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесі жағдайда айқындалды: «Теректі негізгі мектебі» 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелері зерделенді.

«Теректі негізгі мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылы бойынша ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (2021 ж 20.08. №415 енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 5-9 кластар үшін 6-қосымшаға сүйене отырып, ата-аналардың келісімімен, педагогикалық кеңесте қаралып, шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары жасалған. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті инварианттық компоненттегі оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес мектеп анықтаған құрамдас вариативтік компоненттер жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 2021-2022 жылғы әдістемелік нұсқаулық басшылыққа алынған.

2021-2022 оқу жылында 1-9 сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алды.

1-9 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2022-2023 оқу жылында «Теректі негізгі мектебі» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген

өзгертулер) **1-қосымша** 1-4 кластар үшін; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **6-қосымша** 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Оқу пәндерінің тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті инварианттық компоненттегі оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес мектеп анықтаған құрамдас вариативтік компоненттер жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

1-9 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2023-2024 оқу жылында «Теректі негізгі мектебі» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж. 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1-қосымша** 1-4 кластар үшін; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **6-қосымша** 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті инварианттық компоненттегі оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес мектеп анықтаған құрамдас вариативтік компоненттер жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

1-9 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

**Сабақ кестесі.** Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik.kz», «Bilim class»-ты пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

**Жалпы қорытынды:** Жалпы 2021-2023жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik kz», Bilim class-ты пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған.

**12.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесі жағдайды айқындады:

«Теректі негізгі мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылындағы, 2022-2023 оқу жылындағы, 2023-2024 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша электронды журналдары тексерілді.

Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған.

Оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. «kundelik.kz», «Bilimclass»-та сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2021-2022 оқу жылында білім алушылар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің электронды журналдағы күнтізбелік-тақырыптық жоспары тексеріліп, сағат санының дұрыстығына көз жеткізу үшін «kundelik.kz», «Bilimclass» жүйесімен зерделенді.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, «kundelik.kz», «Bilimclass» журналын тексеру кезінде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. «Kundelik.kz», «Bilimclass» журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген.

Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру сақталған.

**12.3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойынша ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының 2021 жылғы 28 тамыздағы №41 бұйрығы, 2022-2023 оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 02 қыркүйегіндегі № 58 бұйрығы, 2023-2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 01 қыркүйек № 60 бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылды.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерді негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған. 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4 қосымшалары жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғарғы оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру аясында кешенді жоспары жасақталған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және

жалпыадамзаттық құндылықтарға жетілдіру негізінде «Парасат» ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубтары құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 23 қыркүйек күні, 2023 жылдың 29 қыркүйек күні мектеп парламентінің сайлауы болып «Өзін-өзі басқару» ұйымы құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, дөңгелек үстелдер өткізілген. «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында тәрбие сағаттары, кездесу, «Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш Елбасы» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі, «Тәуелсіздік - бабалардың ұраны» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Тәңір сыйы - Тәуелсіздік» әдеби-сазды концерті, «Тәуелсіздік жыр - әнім» атты мәнерлеп оқу сайыстары өткізілген. «Ата-анамның мамандығы» тақырыбында ата-аналар жұмысымен танысу, өмір қауіпсіздігін сақтану мақсатында өрт сөндіруші мамандарымен кездесу, «Қарияға көмек-азаматтық парыз», ата-аналар мен мектеп әкімшілігі және мектеп ұжымы біріккен топ «Тал егу», «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күні» акциялары, «Жолда жүру апталығы», «Мамандық таңдау-маңызды шешім» тақырыбында кездесу кеші, «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» мақал-мәтелдер сайысы, «Ертегілер еліне саяхат» ертегілік қойылымдардан байқауы, «Өзін-өзі басқару» органының ұйымдастыруымен оқушылардың ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу, мақсат қоя білу қабілетін дамыту мақсатында шахмат ойынынан жарысы, «Әке және мен» тақырыбында отбасылық турниры, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында әр сыныптарда спорттық, танымдылық интеллектуалды сайыстары ұйымдастырылған. «Денсаулық күні» спорттық шаралар, «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында сурет көрмесі, «Дұрыс тамақтану», «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында әлеуметтік желілерде үндеу жарияланған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240- VI) негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша ішкі істер бөлімінің есебінде оқушы анықталмаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2021-2022 оқу жылы бойынша сынып жинағы – 7; 2022-2023 оқу жылы бойынша – 7 сынып жетекшісі, 2023-2024 оқу жылы бойынша – 7 сынып жетекшісі тағайындалған. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директорының № 1 § 6 бұйрығына сәйкес сыныптарға тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 7 сынып жетекшілер тағайындалған. 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 1 бұйрығы негізінде класс жетекшілер

тағайындалған. 2023 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 1 бұйрығы негізінде 7 сынып жетекшілер тағайындалған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспалары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

#### **Сынып жетекшілердің сапалық құрамы**

<b>Жылдар</b>	<b>Сынып жетекшілер</b>	<b>Жоғары білімді</b>	<b>Арнаулы орта</b>
2021-2022 оқу жылы	7	6	1
2022-2023 оқу жылы	7	6	1
2023-2024 оқу жылы	7	6	1

#### **Сынып жетекшілердің біліктілік санаты**

<b>Жылдар</b>	<b>Модератор</b>	<b>Сарапшы</b>	<b>Зерттеуші</b>	<b>Шебер</b>	<b>Жоғары I, II санатты</b>	<b>Педагог</b>
2021-2022	2	3	1		1	
2022-2023	2	2	1		1	1
2023-2024	2	2	1		1	1

**12.4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрпөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу». 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында жалпы адамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту». 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: «Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі бағыты бойынша жүзеге асырылған.

«Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. «Мен елімнің патриотымын», «Туған өлкем қандай көркем» челленждеріне орай бейнероликтер түсіріліп, ұстаздадар күніне орай «Ұстазым саған мың алғыс!» акциясы, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске

асыру мақсатында «Дублер күні», «Алтын жүрек», «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрышы жабдықталған. «Ертегілер еліне саяхат» ертегілік қойылымдардан байқауы, интеллектуалдық сайыстар, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» интеллектуалды сайысы, «Менің жарқын болашағым» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілген.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккроссинг - кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылында Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптарымен толықтырылған. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. 2022-2023 оқу жылында «Сүйікті кітабыммен селфи» атты акциясы, «Кітап оқу сәні», «Біз оқитын 30 кітап», шарасы, «Отбасымен қосылып кітап оқу» тақырыбында кітап оқу сағаттары өткізілген.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы - адам құқығы» онкүндіктері, «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. «Абайлаңыз балалар!» атты тақырыбында жолда жүру апталығы, «Мектептегі мінез-құлық ережелері», «Жолда жүру ережесін сақтау» тәрбие сағаттары, сонымен қатар жергілікті полиция қызметкерлерімен кездесулер, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылған.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «100 жаңа есім», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер- ұлы мұра», «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында сынып сағаттары, гостраномиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Шебер қол» тақырыбында шебер класс, «Boursak party», «Dombura party» челенджері, дәстүрлі Этнофестиваль ұйымдастырылған. «Менің Отаным Қазақстан», «Анаға сәлем» атты тақырыпта мерекелік шара, «Наурызым - ұлыс берекем!» тақырыбында мерекелік кеш, «Тұсау кесу», «Бесікке салу» дәстүрі акциясы өткізілген.

«Еңбек - елдің мұраты» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Менің таңдауым», «Мамандығым-мақтанышым», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіптік бағдар беру», «Мамандық таңдау - оңай шешім» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, «Әр түрлі және қажетті мамандықтар» тақырыбында мамандармен кездесулер өткізілген.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем-қоғам қуаты» жобалары бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Таза табиғат – денсаулық кепілі», «Экологиялық орта», «Табиғатты сақтау - өмірді сақтау» тақырыптарында сынып сағаттары, «Сақ болсаң, сау боласың!» тақырыбында марафон, «Жасыл мекен» челленджі, «Таза табиғат», «Ең таза, гүлденген класс» тақырыбында сыныпаралық сайысы, экологиялық акциялары ұйымдастырылған.



**Білім алушылардың шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме секцияларға қатысуы:**

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркем-эстетикалық, дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

<b>Жылдар</b>	<b>Мектепшілік үйірме, секциялар саны</b>	<b>Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны</b>	<b>Пайызы</b>
2021-2022 оқу жылы	2	25	70
2022-2023 оқу жылы	4	25	75
2023-2024 оқу жылы	3	24	80

2021-2022 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Үстел теннис – Досниязова Г.Б.
2. Тоғызқұмалақ - Мақсот А.А.

2022-2023 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Футбол - Досниязова Г.Б.
2. Үстел теннис - Досниязова Г.Б.
3. Тоғызқұмалақ – Мақсот А.А.
4. Шахмат -Мақсот А.А.

2023-2024 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Шахмат - Досниязова Г.Б.
2. Тоғызқұмалақ - Мақсот А.А.
3. Футбол - Мақсот А.А.

**2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша спорттық жарыстарға қатысу нәтижелері:**

2021-2022 оқу жылында аудандық кезең тоғызқұмалақтан ІІ орын, аудандық турнирлерге қатынасып ұйымдастырылған барлық байқауларына мектеп оқушылары белсене қатысып, жүлделі орындарды иелеген.

2022-2023 оқу жылында аудандық кезең тоғызқұмалақтан III орын, аудандық 5-6 сынып оқушылары арасынан Шахматтан II орын, аудандық 5-6 сынып оқушылары үстел теннисінен III орын иеленген.

**12.5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);**

Бағаланатын кезең аралығында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту іске асырылатын сыныптар болмаған.

**12.6 Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру**

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде ерекше білім беру қажеттігі бар білім алушылардың санатына жататын білім алушылар болмады.

2023-2024 оқу жылында психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде ерекше білім беру қажеттігі бар білім алушылардың санатына жататын 2 оқушы бар:

№	Аты-жөні	Сынып	Туған жылы, күні, айы	Диагнозы	Оқу бағдарламасы
1.	Қабдрахим Бердібек Серікұлы	1	30.07.2017ж	Ребенок с ООП. Нарушение поведения	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы
2.	Жұмаш Айзере Бекболқызы	1	07.05.2016ж	Ребенок с особыми образовательными потребностями. Задержка психического развития ОНР II уровня.	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы

**12.7 ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру**

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 кластар оқушыларына вариативтік оқу жүктемесі төмендегідей сағаттар бөлінді:

Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға «Құндылықтың бірі – ұлттық ойындар» 2-3-біріккен сыныбында 1 сағаттан, 4-сыныбында 1 сағаттан беріліп, оқытылған.

#### **5-9 кластар бойынша**

5-6 сынып - Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар есебінен «Экология»- 5-6 біріккен сыныбында 1 сағаттан;

Элективті курстарға - 1 сағат берілген, ол «Қызықты информатика» 5-6-біріккен сыныбында 1 сағаттан алынған.

7-8-сыныптарда Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар есебінен 7-8- біріккен сыныбында 1 сағаттан «Өлкетану» тақырыбында таңдалып, оқытылған.

Элективті курстарға - 1 сағат берілген, ол «Шебер қолдар» 7-8 біріккен сыныбында 1 сағаттан алынған.

9-сыныпта бойынша Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар 1 сағаттан. Оған 9-сыныбында «Зайырлылық және дінтану негіздері» өткізілген. 9 - сыныпта элективті курстар есебінен - 1 сағат беріліп, 9-сыныбында «Шахмат» тақырыбында таңдалып, өткізілген.

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 30.09.2022ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1-қосымша** 1-4 кластар үшін; **6-қосымша** 5-9 кластар үшін жұмыс оқу жоспары әзірленді. Аталған қосымшаларға сәйкес 1-4 кластар бойынша вариативтік компоненттен сағатта келесідей бөлінген:

**Оқу жоспарының белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары есебінен 4 сағат бөлінді:** «Математика және логика» курс бағдарламасы 1-сыныпта, 2-3-біріккен сыныбында, 4-сыныпта 1 сағат.

Негізгі орта білім берудің вариативтік компоненттерінен келесідей сағатта бөлінді:

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсы**

- 5-6,7-8 біріккен сыныптарында - 0,5 сағат (1 жартыжылдықта), оқу жылында 17 сағат
- 9 сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат

2023-2024 оқу жылы бойынша вариативтік компоненттен келесідей сағатта бөлінді:

**Оқу жоспарының белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары есебінен 4 сағат бөлінді:** «Математика және логика» курс бағдарламасы 1-сыныпта, 2-3-біріккен сыныбында, 4-сыныпта 1 сағат;

«Жұмбақтар сандығы» курсы 2-сыныпта аптасына 1 сағат.

Негізгі орта білім берудің вариативтік компоненттерінен келесідей сағаттар бөлінді:

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсы**

- 5-6,7-8 біріккен сыныптарында - 0,5 сағат (1 жартыжылдықта), оқу жылында 18 сағат
- 9 сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат

## **12.8 Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы**

Бұл өлшемшарт бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы жүргізілген «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы қаралды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармағына сәйкес 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 3-қосымша 4-тарау 56-

тармағына сәйкес 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылған. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады. Kundelik.kz, BilimClass жүйесі арқылы толтырылған журналдарда міндетті оқу курсының жүргізілгендігі анықталды.

### **12.9 «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру;**

**Зерделеу нәтижелері:** Бұл бөлімді зерделеу кезінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсы 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары жүргізілген. 2023-2024 оқу жылына жоспарланған. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8 - сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілген. Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі күнделік электронды журналдарында берілген.

**12.10 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.**

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

<b>Оқу жылы</b>	<b>Барлығы педагогтар</b>	<b>Техникалық және кәсіптік (педагогикалық)</b>	<b>Жоғары білімді</b>	<b>жоғары оқу орнынан кейінгі</b>	<b>Үлесі</b>
2021-2022 оқу жылы	17	3	14	-	82,4%
2022-2023 оқу жылы	17	2	15	-	88,23%
2023-2024 оқу жылы	17	2	15	-	88,23%

**2021-2022 оқу жылы** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылында 17 педагог жұмыс атқарады. 17 педагог ішінде: санаты жоқ - 4, бірінші санатты-1, «педагог-модератор» - 7, «педагог-сарапшы» - 3, «педагог- зерттеуші» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **31,25%**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны - 4. Оның ішінде, «педагог» - 0, бірінші санатты -

1, «педагог-модератор» - 1, «педагог-сарапшы» - 1, «педагог-зерттеуші» - 1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрамы **75%** құрайды.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны - 12. «педагог»-8, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы» - 2, «педагог-зерттеуші» - 0. сапалық құрам - **17%** құрап отыр. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы талапқа сай емес деп бағаланады.

**2022-2023 оқу жылында** білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 17 педагог жұмыс атқарады. 17 педагог ішінде: санаты жоқ - 4, бірінші санатты-1, «педагог-модератор» - 7, «педагог-сарапшы» - 3, «педагог- зерттеуші» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **31,25%**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны 4. Бірінші санатты – 1, «педагог-модератор» -1, «педагог-сарапшы» - 1, «педагог- зерттеуші» - 1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам **75%** құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны - 12. «педагог»-8, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы» - 2, «педагог-зерттеуші» - 0. сапалық құрам - **17%** құрап отыр. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы талапқа сай емес деп бағаланады.

**2023-2024 оқу жылы** . Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 17 педагог жұмыс атқарады. 17 педагог ішінде: санаты жоқ - 5, бірінші санатты-1, «педагог-модератор» - 6, «педагог-сарапшы» - 4, «педагог-зерттеуші» - 1. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **37,5%**.

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін - 4 мұғалім. Оның ішінде «педагог-зерттеуші» - 1 мұғалім, «педагог-сарапшы» - 1 мұғалім, «педагог-модератор» - 1 мұғалім, I санатты 1 мұғалім.

Сапалық құрам **75%** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін 35%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-19 сабақ берген пән мұғалімдері 12. Оның ішінде «педагог-сарапшы» - 3, «педагог-модератор»-6 мұғалім, «педагог» - 3 мұғалім. Сапалық құрам **25%** құрап отыр. Білім ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер - 30 %-дан жоғары, талапқа сәйкес келмейді деп бағаланады.

**Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі**

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13420 болып тіркелген). Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

### **2021-2022 оқу жылы.**

Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шындауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта «Теректі негізгі мектебі» КММ-де 2021-2022 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. 2021-2022 оқу жылына біліктілік курсынан өтетін педагогтар жоспарланбаған.

### **2022-2023 оқу жылы.**

Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

